

## Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Тәртіптік комиссиясы туралы Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 06-7/189 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 қаңтарда № 9097 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 89 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.12.2014 № 89 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесінің 6-тармағына сәйкес,

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса берілген Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Инспекция және бақылау бөлімі (Қ.А. Жапақов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және кейіннен оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *А. Байменов*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері  
жөніндегі агенттігі Төрағасының  
2013 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 06-7/189 бұйрығымен бекітілді

**Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның  
тәртіптік комиссиясы туралы Ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы Ережесі (бұдан әрі – уәкілетті органның комиссиясы) Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Уәкілетті органның комиссиясы - мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - Агенттік) тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары) бұзуға жол берген В-1, С-1, С-2 санаттарындағы қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді қарау үшін құрылатын т ұ р а қ т ы а л қ а л ы о р г а н .

3. Уәкілетті органның комиссиясы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Уәкілетті органның комиссиясының негізгі функциялары

4. Уәкілетті органның комиссиясының негізгі функцияларымен:

1) осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі мемлекеттік орталық органдарының басшылары атына ұсыныстар әзірлеу және тәртіптік істерді қарастыру;

2) мемлекет Басшысына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

3) мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларымен мемлекеттік қызмет туралы заңнама мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнаманың талаптарын сақталуын қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулар мен ұсыныстар әзірлеу;

4) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік істерді қарастыру жөніндегі мемлекеттік органдарының тәртіптік комиссияның жұмысын үйлестіру б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Уәкілетті органның комиссиясы функцияларын жүзеге асыру мақсатында:

1) өзінің мәжілістерінде мемлекеттік орталық органдардың, олардың ведомстволарының басшыларын тыңдайды;

2) құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан, ұйымдардан  
қ ұ ж а т т а р д ы с ұ р а т а д ы ;

3) орталық мемлекеттік органдарына (Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен басқа) өздерінің лауазымды тұлғаларына қатысты қызметтік тексерістер жүргізу туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

4) мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияның жұмысын үйлестіреді;

5) уәкілетті органның комиссиясына жүктелген функцияларын іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдайды.

### **3. Уәкілетті органның комиссиясының жұмысын ұйымдастыру**

6. Уәкілетті органның комиссиясының дербес құрамы Төрағадан, Төрағаның орынбасарынан және 5-тен кем емес мүшеден тұрады.

Уәкілетті органның комиссиясының құрамына орталық мемлекеттік органдарының басшылары (орынбасарлары), соның ішінде, құқық қорғау органдарының мүшелері, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, үкіметтік емес ұйымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және басқа лауазымды тұлғалары кіреді.

7. Уәкілетті органның комиссиясының Төрағасы Агенттік Төрағасының орынбасары болып табылады, ол:

1) уәкілетті органның комиссиясын басқарады, оның жұмысын басшылыққа алуын іске асырады және ұйымдастырады;

2) уәкілетті органның комиссиясы мәжілісінің күн тәртібін анықтайды;

3) уәкілетті органның комиссиясының мәжілісін шақыртады және онда тө р а ғ а л ы қ е т е д і ;

4) уәкілетті органның комиссиясы мәжілісінде қаралатын нақты мәселе бойынша баяндаушыны анықтайды;

5) уәкілетті органның комиссиясының жабық мәжілісін өткізу туралы шешімі б е к і т е д і .

Уәкілетті органның комиссиясының Төрағасы жоқ болған кезде, оның уәкілдігі бойынша мәжілістерде уәкілетті органның комиссиясы Төрағаның орынбасары тө р а ғ а л ы қ е т е д і .

8. Уәкілетті органның комиссиясының жұмыс органы Агенттіктің Инспекция және бақылау бөлімі болып табылады.

9. Уәкілетті органның комиссиясының хатшысы Агенттіктің Инспекция және бақылау бөлімінің қызметкері болып табылады.

Уәкілетті органның комиссияның хатшысы:

1) уәкілетті органның комиссияның отырыс хаттамасын жүргізеді;  
2) уәкілетті органның комиссияның шешімін тиісті мемлекеттік органға  
ж о л д а й д ы ;

3) уәкілетті органның комиссияның іс жүргізуін қамтамасыз етеді.

10. Уәкілетті органның комиссияның Төрағаның қолымен қойылатын уәкілетті органның комиссияның шешімі хаттамамен ресімденеді және оның қабылданған күнінен бес күн мерзімінде тиісті мемлекеттік органдарға  
т а р а т ы л а д ы .

11. Уәкілетті органның комиссиясының мүшелері уәкілетті органның комиссиясының жұмыс органымен мәжіліске үш күн мерзіміне дейін мәжілістің жүргізу орны, күні, оның күн тәртібі туралы хабарлану және таныстыру керек.

12. Уәкілетті органның комиссиясының мәжілісі:

1) уәкілетті органның комиссиясы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысып отырса заңды деп саналады;

2) қажеттілігіне қарай өткізіледі;

3) ашық өткізіледі, қажет болған жағдайда жабық мәжілістер өткізілуі мүмкін

13. Уәкілетті органның комиссиясының шешімдерді мәжіліске қатысушы уәкілетті органның комиссиясы мүшелерінің жалпы санының қарапайым басым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады.

14. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша уәкілетті органның комиссиясы мынадай шешімдердің бірін шығаруы мүмкін:

1) тәртіптік жазаны қолданудың және оның түрі туралы ұсынысты тиісті мемлекеттік органның басшысына жолдау туралы;

2) осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген жағдайларда тәртіптік істі  
т о қ т а т у т у р а л ы ;

3) мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері болған жағдайда уәкілетті органның комиссиясы құжаттар мен материалдарды тиісті құқық қорғау органдарына жолдау туралы.

15. Келесі жағдайларда:

1) мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен қарастырылған тәртіптік жаза қолданудың мерзімдері өткенде;

2) тәртіптік іс негізсіз қозғалғанда;

3) тәртіптік теріс қылық құрамы болмағанда тәртіптік іс тоқтатылады.